

**"Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 1 ақпандағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 ақпанда № 31877 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 219 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 28450 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларында:

2-тармақтың 15) тармақшасы алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Субсидиялау осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген жобалардың паспорттары бойынша жүзеге асырылады және инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша жүргізіледі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес жазылған.

Уәкілетті орган осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, көрсетілетін қызметті берушіге және бірыңғай байланыс орталығына Қазақстан Республикасы Әділет органдарында мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде ақпарат жолдайды.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Субсидиялар беруден бас тарту мемлекеттік осы Қағидалардың 7-қосымшаға көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде жұмыс

органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша жұмыс орган (көрсетілетін қызметті беруші) оң нәтиже немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.";

көрсетілген қағидаларына 1-қосымшада:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5	Ауданы 50 гектардан кем емес көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы үшін жабдықтар мен техника сатып алу
---	---

";

көрсетілген қағидаларына 2-қосымшада:

№ 5 жоба паспортының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"№ 5 "Ауданы 50 гектардан кем емес көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы үшін жабдықтар мен техника сатып алу" жобасының паспорты".

Осы Қағидаларға 7-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар министрі

З. Сулейменова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
Аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи  
ресурстар министрі  
2023 жылғы 1 ақпандағы  
№ 29 бұйрығына  
қосымша  
Инвестициялық салымдар  
кезінде балық шаруашылығы  
субъектісі шеккен шығыстардың  
бір бөлігін өтеу бойынша  
субсидиялау қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

**"Инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Бірінші кезеңде 2 (екі) жұмыс күні; Екінші кезеңде 20 (жиырма) жұмыс күні.

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Бірінші кезеңде: инвестициялық жобаның сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімі туралы хабарлама; Екінші кезеңде: субсидиялау шартын жасасу немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) Порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін.
		Пайдалануға тапсырылмаған инвестициялық жобалар бойынша көрсетілетін қызметті алушы өтінімде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтінім береді: портал арқылы өтінім берген кезде – "PDF (Portable Document Format)" форматында (қағаз

нұсқасының көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрмен (бар болса) расталған электрондық көшірмесі);

Пайдалануға тапсырылған инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ сатып алынған техника, машина мен жабдық бойынша көрсетілетін қызметті алушы өтінімде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтінім береді, ол екі кезеңді рәсімдер қолданылмай қаралады: портал арқылы өтінім берген кезде – "PDF (Portable Document Format)" форматында (қағаз нұсқасының көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрмен (бар болса) расталған электрондық көшірмесі);

Екінші кезеңде (жұмыс аяқталғаннан кейін) көрсетілетін қызметті алушы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді:

портал арқылы өтінім берген кезде – "PDF (Portable Document Format)" форматында (қағаз нұсқасының көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрмен (бар болса) расталған электрондық көшірмесі);

Өтінімге мынадай растаушы, құқық белгілеуші және (немесе) тіркеу құжаттары қоса беріледі:

- 1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15541 болып тіркелген) объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысанына (бұдан әрі - объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысаны) сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық

жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) электрондық көшірмелері;

2) сатып алушы мен жеткізуші (жабдықтар сатып алу кезінде) арасындағы жабдықтарды пайдалануға енгізу актісінің электрондық көшірмесі;

3) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, электрондық және (немесе) қағаз түріндегі шот-фактуралардың, төленген төлемді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттама электрондық көшірмелері (жобалау-сметалық құжаттамасына сәйкес субсидиялау көзделген жобалар паспорттары бойынша);

5) балық өсіру техникасы мен технологиялық жабдықтарды қабылдап алу-беру актілерінің электрондық көшірмелері;

6) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты растаған кредиттік/лизингтік шарттар электрондық көшірмелері;

7) көрсетілетін қызметті алушы Қағидалардың 15-тармағының 2) тармақшасына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берген жағдайда, "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қағаз нұсқасының электрондық көшірмесі) растаушы құжаттарды (бизнес-жоспар,

талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

дайын өнімді өткізу бойынша электрондық шот-фактуралар) қоса береді. Бизнес-жоспарда мәлімделген өндірілген өнім көлемін растау үшін мамандар тобы, дара кәсіпкерлерді қоспағанда, осы тармақшада көрсетілген құжаттардың негізінде, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) өтінім берген сәтінің алдындағы тоқсан үшін инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) "Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16060 болып тіркелген) "Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру туралы есебі" (коды 151103128, индексі 1-П, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына (бұдан әрі - өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысаны мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар) сәйкес дайындалатын өндірілген өнім көлемі кемінде 30 (отыз) %-ға жеткені туралы қарап-тексеру актісін жасайды;

8) "Тіркеу есебі мәселелері бойынша құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 153 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16431 болып тіркелген) бекітілген

нысанға сәйкес ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің электрондық көшірмесі немесе электрондық құжат (ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған балық шаруашылығы субъектілері үшін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20955 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес алынған;

9) "Инвестициялар және құрылыс статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 16 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19994 болып тіркелген) "Негізгі капиталға инвестициялар туралы есеп" (индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы субсидияны қаржы институтының арнайы шотына аудару тетігін қолдануға арналған өтінімді Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес береді.

Портал арқылы өтінім берілген кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаның тіркелуі (қайта тіркелуі), дара кәсіпкердің тіркелуі туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті



		<p>мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда , көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.</p>
<p>9</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол</p>

		жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77 77.</p>